

Курортология ғылыми орталықтарының табиги минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 жылғы 17 маусымдағы № 268 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 22 шілдеде № 13965 болып тіркелді.

"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Курортология ғылыми орталықтарының табиги минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің баспа және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялануға, сондай-ақ тіркелген бүйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

міндеттін аткарушы

М. Құсайынов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндеттін атқарушының
2016 жылғы 17 маусымдағы
№ 268 бұйрығымен
бекітілген

Курортология ғылыми орталықтарының табиғи минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беру қағидалары

Тарay 1. Жалпы ережелер

1. Осы Курортология ғылыми орталықтарының табиғи минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және курортология ғылыми орталықтарының табиғи минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беру тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін емдік және емдік-асханалық табиғи минералды суларға (бұдан әрі – емдік сулар), Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын емдік суларға қолданылады және ведомстволық тиістілігі мен меншік нысанына қарамастан, емдік суларды өндірумен және (немесе) өткізумен айналысатын жеке және занды тұлғаларға бальнеологиялық қорытындылар беруді жүзеге асыратын курортология ғылыми орталықтарына арналған

3. Қағидалар ауыз суларға қолданылмайды.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) бальнеологиялық қорытынды – курортология ғылыми орталықтары беретін табиғи емдік ресурстардың құрамы мен қасиеттерін медициналық-биологиялық, органолептикалық, микробиологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық зерттеулер негізінде оларды емдеу, медициналық оңалту және аурулардың алдын алу мақсатында пайдалану мүмкіндігі туралы құжат;

2) тапсырыс беруші – су көзіне бальнеологиялық қорытындыларды алу үшін курортология ғылыми орталықтарына бастамашылық тәртіппен жүгінген, оны қаржыландыруды жүзеге асыратын, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қажетті құжаттамаларды ұсынатын жеке және (немесе) занды тұлғалар.

Тарay 2. Бальнеологиялық қорытындылар беру тәртібі

5. Емдік суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беру жеке және занды тұлғалардың өтініштері бойынша судың емдік қасиеттерін медициналық-биологиялық бағалау, емдік судың органолептикалық,

микробиологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық және радиологиялық көрсеткіштеріне санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң нәтижелері негізінде жүргізіледі.

Емдік суларды медициналық-биологиялық бағалау клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулерді жүзеге асыратын мамандандырылған ғылыми мекемелердің және (немесе) ұйымдардың базаларында орындалған клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулердің нәтижелері бойынша беріледі.

6. Емдік суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беруді осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен қурортология ғылыми орталықтары (бұдан әрі – Орындаушы) жүзеге асырады.

7. Бальнеологиялық қорытындыларды алу үшін тапсырыс беруші Орындаушыға мынадай құжаттарды:

1) емдік суды пайдаланудың негізгі мақсаты көрсетіле отырып, еркін нысанда жазылған өтінішті;

2) пайдалану ұнғымасына гидрогеологиялық паспортты;

3) су тұтқыш қабатының терендігін, судың молдығын (пайдаланылатын қорларды) көрсете отырып, жерасты суларының гидродинамикалық және гидрохимиялық режимін сипаттай, санитариялық қорғаныш аймақтарын есептей және негіздей отырып, емдік немесе емдік-асханалық табиғи минералды сулардың гидрогеологиялық жағдайлары туралы мәліметтерді;

4) емдік судың органолептикалық, микробиологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық және радиациялық көрсеткіштеріне санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерін;

5) клиникалық базаның басшысы, жауапты Орындаушы қол қойған және ұйымның мөрімен расталған емдік суды медициналық-биологиялық бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есепті;

6) "Минералды табиғи емдік-асханалық ауыз сұзы және емдік сулар. Жалпы техникалық шарттар" ҚР СТ 452-2002 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына сәйкес технологиялық нұсқаулықты;

7) жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізуге арналған келісімшарттың немесе емдік сулардың кен орындарында арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттың көшірмесін;

8) егер тапсырыс беруші жер қойнауын пайдаланушы болып табылмаған жағдайда, қайталама су пайдалануға арналған шартты;

9) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі берген кен орындарының санитариялық қорғаныш аймақтары аумақтарының санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйі туралы қорытындыны жібереді.

8. Тапсырыс берушінің емдік сулардың кен орындары, судың сапасы мен қасиеттері туралы қосымша мәліметтер беруі қажет болған жағдайда, Орындаушы тапсырыс берушіге алдын ала берілген бальнеологиялық қорытындылар деректерімен танысуға мүмкіндік береді.

9. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасын толық ұсынбау оларды 5 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге пысықтауға қайтару үшін негіз болып табылады.

10. Ұсынылған материалдар негізінде Орындаушы тапсырмалардың талаптарына және жүргізу мерзімдеріне сәйкес оған берілген сараптама объектілерін зерделейді және бағалайды.

11. Бальнеологиялық қорытындыларда: жерасты немесе жерусті көздерінің (ұңғыманың, бұлақтың, су айдынының) нөмірі немесе аты; кен орындарының аты және көздердің орналасқан жері; олардың негізінде қорытынды жасалған құжаттар мен зерттеулердің тізбесі; емдік сулар көздерінің гидрогеологиялық жағдайлары, су тұтқыш қабатының терендігі, су сыйдыратын жыныстардың литологиялық құрамы туралы қысқаша ақпарат; көздің каптажы, суды көтеру құралдары, суды өндірудің және өндеудің технологиялық схемасы туралы мәліметтер; негізгі иондық құрамын және құрамындағы биологиялық белсенді элементтерді көрсете отырып, судың химиялық құрамы туралы мәліметтер; судың бальнеологиялық тобын және гидрохимиялық типіне арналған нұсқау; Аурулардың халықаралық жіктемесіне (АХЖ-10) сәйкес медициналық көрсетілімдер және қарсы көрсетілімдер, егер мұндайлар белгіленсе жанама әсерлер; әртүрлі ауруларды емдеу кезінде суды қолдану әдістемесі; суды ішке немесе сыртқа қолдану кезінде емдеудің сарапланған әдістемелерін әзірлеуге арналған нұсқаулар қамтылады.

12. Құжаттарды және үлгілерді қарау нәтижелері бойынша Тапсырыс берушіге бальнеологиялық қорытындылар береді, материалдарды пысықтауға қайтарады немесе судың бальнеологиялық қасиеттерінің жоқ екендігі туралы дәлелді жауап жібереді.

13. Мынадай:

1) тапсырыс беруші анық емес мәліметтер ұсынған;

2) тапсырыс беруші емдік сулардың қауіпсіздігін айқындау және оны медициналық-биологиялық бағалау үшін қажетті сынақтарды жүргізуден бас тартқан;

3) емдік сулардың санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасының нәтижелері бойынша қауіпсіздік көрсеткіштері сәйкес келмеген және (немесе) судың емдік қасиеттері болмаған;

4) егер емдік суларға және оны дайындау жағдайларына қатысты қауіпсіздік талаптары белгіленбegen, емдік суда және қоршаған ортада қауіпті факторларды айқындау және өлшеу әдістемелері болмаған;

5) емдік суларды өндіру, қолдану (пайдалану) кезінде олардың адам денсаулығына зиянды әсерін болдырмау жөнінде тиімді шаралар болмаған немесе бұл шаралар қамтамасыз етіле алмаған жағдайларда бальнеологиялық қорытындылар берілмейді.

14. Орындаушы берген бальнеологиялық қорытындыларды тіркеу осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша бальнеологиялық қорытындыларды тіркеу журналында жүргізіледі.

15. Бальнеологиялық қорытындылар ыдыстарға құйылғандарды қоса алғанда, ішке қолдануға арналған емдік суларға 5 жыл, сауықтыру үйымдарында (сауықтыру орындарында, санаторийлерде, курорттарда) пайдаланылатын сыртқа қолдануға арналған емдік суларға 10 жыл мерзімге беріледі.

Бальнеологиялық қорытындылардың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін және қызметін жалғастырған жағдайда, тапсырыс беруші осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, қорытындыны ұзартуға өтініш береді.

16. Емдік суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытынды беру және оны ұзарту үшін Орындаушының құжаттарды қарау мерзімі құжаттар келіп түскен күннен бастап бір айдан аспайды. Осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген жағдайларда, қарау мерзімі ұзартылады, бірақ үш айдан аспайды.

17. Қайтадан қарау кезінде бальнеологиялық қорытындылар беру мерзімі Орындаушыға құжаттарды тапсырған күннен бастап 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге белгіленеді.

18. Бальнеологиялық қорытындылардың қолданылуын тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша, сондай-ақ тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мынадай:

1) емдік суды өндіру немесе қолдану кезінде оның кері және (немесе) жанама әсерлері, бұрын мәлім болмаған қауіпті қасиеттері туралы қосымша мәліметтер алған;

2) тапсырыс беруші санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарында көзделген талаптарды бұзған жағдайларда, оның іске асырылу сатысында 6 айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады.

Курортология ғылыми
орталықтарының табиги минералды
суларды пайдалануга
бальнеологиялық қорытындылар
беру қағидаларына
қосымша

Нысан

Бальнеологиялық қорытындыларды тіркеу журналы

p/c №	бланктің №	өтінішті кабылдау күні	кімге берілді	мекенжайы	корытындының мазмұны	корытындыны беру күні
1	2	3	4	5	6	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК